

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы
Өткізілген уақыты: 29.08.2023 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Жаңа 2023-2024 оқу жылы педагогикалық ұжымның қызметін үйлестіру»

Мақсаты: оқу-тәрбие үдерісінің деңгейін көтеру, педагогикалық ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибені тәжірибеде пайдалану үшін бөбекжай қызметкерлерінің күш-жігерін біріктіру.

Төрайымы Жусипова Г.О.

Қатысқандар саны 3 педагог

Тәрбиешілер: 3

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды талдау.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындық сапасын бағалау мониторингі.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары, ұстаздардың ӘБ жылдық жоспары, циклограммалар, ұйымдастырылатын іс-шаралар кестесін бекіту.
4. 2023-2024 оқу жылына ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту
5. «Ертегілер әлеміне саяхат» ұзақ мерзімді жобасын талқылау және бекіту.
6. Педагогикалық кеңестің шешімдері, оны бекіту, толықтырулар

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Жусипова Г.О.сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды.

Стандарт талаптары:

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары, ұстаздардың ӘБ жылдық жоспары, циклограммалар, ұйымдастырылатын іс-шаралар кестесін бекіту.

Сонымен бірге оқу іс-әрекеті емес оқу қызметі екеніне, жаңа қосылған оқу қызметтері яғни математика негіздері, аппликация, қоршаған ортамен танысу т.б. өзгерістерге аса мән беріп өтті және осылай айтуға дағдылануларын талап етті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым №391 бұйрығына 1-қосымша; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша – 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі осы үлгілік жоспар бойынша жасалып, бекітілгенін ескертті. Оқу қызметінің кестесі, анықтамалар, яғни оқу жүктемесі, күн тәртібі т.б. құжаттар бекітіліп таратылды. Баланың тілдік қатынасын жан-жақты дамытуда халық ауыз әдебиетін қолдану; Сөздік қорын, дыбыстық мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру және

байланыстырып сөйлеуін дамыту;Педагогтарға: Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену;Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейінкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

Ата-аналарға: Ата-аналар балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату.

2.Күннің екінші жартысында мазмұнды –рөлді ойын ойнату арқылы балаларды ұжымдық және шығармашылық іс-әрекетке біріктіру және бағдарлау.

Мақсаты:

Мазмұнды-бейнелі ойын:отбасы,балабақша,мектеп,аурухана,ұшқыштар,мал фермасы,күс фермасы,құрылысшылар,мұнайшылар,темір жол,теңізшілер: Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып,ауызша сөйлеу машығын игереді,таным белсенділіктері қалыптаса түсіп,ақыл-ойы өсіп жетіледі,әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Сонымен қатар баланың құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік-сюжеттік ойындарға үлкен мән берілуі тиіс.Ойын үстінде бала сұранысы мен тәрбиешінің тапсырмасы өзара ұштасады.

Мысалы:Сюжеттік-рөлдік ойын:»Менің сүйікті кейіпкерім».Баланың сүйікті кейіпкері болатыны,өзінің оған ұқсағысы келетіні белгілі,ол баланың сол кейіпкер рөлін атқаруы оның моральдік танымы мен түсінігіне әсер етеді де,баланың жеке ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері өрістейді, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял-елестері дамиды, мұның бәрі баланың творчестволық талантын кеңейтеді. Осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін.Келесі сөз кезегін балабақша медбикеке беремін.

Балабақша медбике:

Биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада көп уақыттарын өткізіп, ауру-сытқаттан аман болды. Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б. қадағалап отырдым. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары, оқу қызметтеріне қажетті көрнекі құралдар А-3 форматта балаларға оның тартымды қанық түсте болуын ескертті және оқу қызметіне қажетті құрал-жабдықтар, кезекшілік бұрыштары (табиғат бұрышындағы еңбек құралдары, асханадағы кезекшілік т.б.) төсек, сүлгі, шкаф т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтарды ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті.Әр топ тәрбиешілеріне концелярлық құралдар мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойыншықтар үлестірілді.Келесі мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері оқу қызметінің көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдарын, үлгілерін көрсетіп, таныстырып шықты.Барлық тәрбиешілердің портфолиоларын ретке келтіріп, толықтыру керектігі айтылды және жаңа келген тәрбиешілерге портфолио бастап, толықтыруларын ескертті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер.

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы
Өткізілген уақыты: 23.11.2023 жыл

Іс-шара формасы: іскерлік ойын

Тақырыбы: «Сөйлеуді дамытуда заманауи технологияларды қолдану
мектеп жасына дейінгі балалар»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша МДБ
жұмысын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың әдістері, тәсілдері мен құралдары туралы мұғалімдердің білімін белсендіру.
2. Тәрбиешілерге балалардың сөйлеуін дамыту саласындағы білімдерін кеңейту қажеттілігі туралы түсінік беру
3. Тәрбиешілердің жеке кәсіби қасиеттерін дамыту.

Педагогикалық кеңестің күнтізбесі:

1. Өткен педагогикалық кеңесінің мақсаттарының орындалуын талдау.
2. Тақырып бойынша әдіскердің кіріспе сөзі
«Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың құралдары мен әдістері».
3. Сөйлеуді дамытуға арналған дидактикалық ойындардың/оқу құралдарының әдістемелік әзірлемелерін тәрбиешілермен таныстыру»
(жұмыс тәжірибесін көрсету)
4. Шығармашылық шеберхана. Іскерлік ойын
5. Педагогикалық кеңестің шешімі

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Жусипова Г.О. сөз алып, балаларда сөйлеуді дамытуда заманауи технологияларды қолдану мектеп жасына дейінгі балалар өте нашар болып жатқаны туралы таныстырып өтті.

Стандарт талаптары:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың құралдары мен әдістері».

1. Тыңдалды: Балабақша әдіскері сөз алып, бөбекжайда балалардың баланың тілі туралы ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде сөйлеу тілдерінің мазмұны жүргізілуіне, тілдік нормалардың, арнайы жаттығуының ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын тілдік қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Баланың сөйлеу қабілеті баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, ересектермен қарым-қатынасты болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсетті.

- Мақал-мәтелдер
- Тақпақтар
- Мнемокестежаттығулар

Бөбекжайдағы сөйлеу қабілеттерін ұйымдастырудың түрлері:

күнтізбесі бойынша оқу қызметтерін жүргізу шаралары. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әралуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкен сайын тілді быстарып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Тыңдалды: Әдіскер

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Шешім:

1. Ең басты мәселе баланың сөйлеу қабілетінің жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

3. Ана тілінде сөйлеуді нығайту мақсатында түрлі жұмыстарды ұйымдастыру қолға алынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Жусипова Г.О.

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы
Өткізілген уақыты: 26.01.2024 жыл

Өткізу формасы: педагогикалық жұмыс тәжірибесін көрсету

Тақырыбы: «Балалармен спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты: Әр балаға жеке көзқарасты ескере отырып, спорттық және ашық ойындарды меңгеру арқылы оқушылармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының тиімділігін арттыру.

Педагогикалық кеңестің күнтізбесі

1. No2 педагогтар кеңесінің шешімдерінің орындалуын талдау
2. Балалармен жұмыс нәтижелері (бірінші жартыжылдықтың басы – аралық)
диагностика нәтижелері бойынша балалардың денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштері.
(талдау, ақпарат)
3. «Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау, спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыптық тестін талдау.
4. Балалармен күндізгі уақытта дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізу.
(жұмыс тәжірибесін көрсету)
5. Балалардың әр түрлі іс-әрекетіндегі денешынықтыру және сауықтыру жұмыстары (іскерлік ойын)
6. «Математикалық мазмұны бар рөлдік ойындардың атрибуттары» байқауы.

Балабақшамыздың меңгерушісі педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақша одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай бөбекжай әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері сөз алып, бөбекжайда балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Бөбекжайдағыденетәрбиесінұйымдастырудыңтүрлері:

күнәртібібойыншасауықтырушаралары (таңертеңгілікжаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және денемүсінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айтты. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі деп өзін аяқтады.

1.Сөз сөйлеген : Тәрбиеші балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Тыңдалды: Әдіскер балабақшада таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған :

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну

Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер терапиясы

Психологиялық жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

Шешім:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.

2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Жусипова Г.О.

№4Пед.Кеңес

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық математикалық ойындар арқылы интеллектуалды дамуы»

Өткен пед. кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.

Педагогикалық кеңестің күнтізбесі

1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін рөлдік ойындар арқылы дамыту». баяндама
2. Бақылау және басшылық.
3. Салыстырмалы тексеру. «Серуен қалай ұйымдастырылуда?» Барлық топтар.
4. Психологиялық тренинг туралы.

Педагогикалық кеңестің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық сезімдерін дамыту.

Міндеттері:

1. Мектепке дейінгі балаларға жаңартылған мазмұнда білім беруді жаңа әдістерімен ұйымдастыру;
2. Тәрбиешілерге балалардың ұлттық тәрбиені дамыту саласында білімдерін кеңейту қажеттілігі туралы түсінік беру;

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Жусипова Г.О. сөз алып, жаңартылған мазмұнда жұмыс атқару барысында балаларда патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін ерекшеліп айтты. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарға аса көңіл бөлуде.

Стандарт талаптары:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін рөлдік ойындар арқылы дамыту». баяндама

Баяндамада басты бағыт аталып айтылды. Математикалық түсініктерді қолдану арқылы бала бойына сіңдіру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Аметова осы мақсатта қазіргі уақытта ата-аналар арасында апта сайын ашық ұйымдастырылған әрекет өтетіні туралы айтты. Жалпы тексеріліп отыратын бақылау және басшылыққа тоқталып өтті.

Көктем мезгілі келіп күннің жылуына байланысты серуенге қатысты бірнеше жайтты атап айтты. Оның ішінде балаларды таңертең және кешке далада қабылдау керектігін ескертті. Барлық топтарға да қатысы бар екенін жеткізді.

Шешім:

1. Ең басты мәселе балаға логикалық ойлау қабілеттерін қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді әрбір ұйымдастырылған әрекетте қолданылуы талап етілсін.

3. Серуен кезінде ойынның міндетті түрде қолданылуы керек екенін атап өтті.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Жусипова Г.О.

№5 Пед. Кеңес

Тақырыбы: «Жыл жұмысының қорытындысын шығару. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық»

КҮНТӘРТІБІ

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі.
Жедел тексерудің қорытындысы.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі.
4. Қорытынды мониторинг.
5. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жусипова Г.О. сөз алды. Өз сөзінде өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің ойдағыдай орындалып жатқанына тоқталып өтті. Балабақшаны одан әрі қарай көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдық пен бірге жұмыс жасауға шақырды.

Балабақша меңгерушісі №4 педагогикалық кеңестің шешімі талқыланды. Бала денсаулығының нығаюына арналған іс-шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. **ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жусипова Г.О. былай деді: балабақша мен ата-ана арасындағы қарым – қатнасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны ерекше екенін түсіндіру: ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде карауда қызығушылықтарын дамыту. «Балапан ұядане көрсе, ұшқанда соны іледі» деген асыл сөз бар, бала әке-дене ақыл, анадан мейрімалады. Сол себепті ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыстар алы жедел тексерудің қорытындысын тыңдады.

Балабақша меңгерушісі ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлерін жоспарлау туралы тоқталып өтті. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсынады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс тіліктерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ – жауап кештері, әдіс – тәсілдер қарастылады. Ата-ана мен балабақша

арасындағы тығыз қарым – қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның балалар тәрбиесіне тигізетіні ықпалы нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жетілдіретін тәрбиелеу.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөйледі. Өз сөзінде тәрбиешілердің шығармашылық

тақырыбына есеп беруін тоқталып өтті. Жалпы мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ой-өрісін, санасына, туған тіліне халқына деген сүйіспеншілігі мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ұлттық рухты бойларына сіңіру, ана-тілімен Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Келесі мәселе бойынша қорытынды мониторинг жайында балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Өз сөзінде

үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіп, қорытынды бақылау нәтижелерін тоқталып өтті.

Балабақша меңгерушісі медбикеге жаздық сауықтыру жоспарын ұсынды.

Жаздық сауықтыру жоспары суық сумен, тұзды сумен, денесін ысқалау, су, ауа, күн ванналарын қабылдау жұмыстарын қамтыды. Жазда хауызда шомылу, ауыз қуыстарын шаю

т.б.. Рациондық ұнарлы тамақтандыру дәрумендерге бай және піскен жемістер беру, қайнатпасусындар беру қарастырылған.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының өтілуі барысында қадағалау жұмысы топ тәрбиешілеріне басшылық жасау медбикеге

жүктеледі. Жаздық ұйымдастырылған іс-

әрекет және үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, ойын-

сауықтар қаралып бекітілді.

ШЕШІМ

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанғаттанарлық.
2. Ата – аналармен жұмыстың қолайлы нәтижелі формасы жүргізілсін. Жедел тексерудің қорытындысына жасалған ұсыныстар орындалсын. Жауаптылар: Тәрбиешілер.
3. Үлгілік оқу мазмұнын игеру нәтижелерінің сапасына реттету бабалармен жеке жұмыстар жоспарлау. Жауаптылар: Тәрбиешілер.
4. Жазғы маусымға арналған ұйымдастырылған іс-әректің кестесін оқу тәрбие үдерісін жүргізу, іс-шараларды медбикенің қатысуымен өткізу. Жауаптылар: Тәрбиешілер, медбике.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Жусипова Г.О.